

"ҚТЖ-Жүк тасымалы" акционерлік қоғамының жер учаскесіне қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 27 маусымдағы № 1719 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 шілдеде № 7963 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "ҚТЖ-Жүк тасымалы" акционерлік қоғамының инженерлік, электр және басқа да желілер мен тораптарды жүргізу және пайдалану мақсатында, "Қостанай әкімшілік-тұрмыстық кешенін газдандыру жүйесіне (газбен жабдықтау) қосу үшін қазандық салу" объектісі бойынша жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай қаласының әкімі

Б. Жакыпов